

БОЛАШАҚ ҰРПАҚТЫ ҚАЛАЙ ТӘРБИЕЛЕЙМІЗ?

Г.Б. Ұзақбай

МКҚК №39 «Достық», Ақтөбе қаласы

Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерінің дамуы оның өміріндегі ең ірі өзгеріске кездесетін сәті - балабақша табалдырығын аттауынан басталып, оқу мен тәрбиенің ұштасып, біртұтас процеске айналған жағдайында жүзеге асады.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші роль атқарады. Еліміздің болашағы жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші бесік-отбасы, ата-ана тәрбиесі болса, екінші бесік-білім беру мекемесі. Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие-адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы, адам өмірінің жарқын, әрі ең қайталанбас беттерінің бірі. Дәл осы жаста денсаулықтың негізі, мәдениетке және жалпы адами құндылықтарға баулу басталады. Сондықтан да бала өмірінде оны қоршаған ортаның, туған табиғаты сұлулығының оның танымына үлкен әсері мол. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру жобасының авторы С.А Назарбаева өзінің «Өмір әдебі» кітабында, «Менің қалауым балалар кішкентай кезінен бастап, денсаулығы мықты және бақытты өмір сүрсе екен, өмір мен адам кемеңгерлігімен сусындасын. Олар кім екендерін, кім үшін өмір сүріп жүргендерін және неге талпынатындарын өздері білуі қажет. Әркім өзін тани білу керек!» - деген. Мектепке дейінгі тәрбие берудің міндеті баланы тез дамытудан тұрмайды, оны мектепке дейінгі уақыты мен мектеп уақыты аралығындағы өтпелі, рухани-адамгершілік танымындағы ең маңызды кезең болғандықтан осы сәтте барынша тұлғаның қалыптасуын жолға қою болып табылады.

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы бойынша пилоттық білім беру ұйымының мақсаты жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталған тәрбиеленушілердің жан-жақты және толыққанды тұлғасын дамыту үшін біріңғай рухани-адамгершілік кеңістігін құру болып табылады. Өзін-өзі тану – өзін терең және толық тану, өзінің физикалық және психикалық табиғатын тану емес, ең алдымен өзінің жоғары рухани-табиғатын сезу. Өзін-өзі тану үрдісінде ақпараттық жинақталуы емес, керісінше тұлғаның сапалық өзгеріске түсуі маңызды. Осыған байланысты «Өзін-өзі тану» пән ретінде әр тәрбиеленушінің жалпыадамзаттық құндылықтарын анықтауға көмектеседі, яғни оның өмірін рухани-білімге толтырып, қолжетпес байлығына айналады.

Адамның өмір жолы балалық шақтағы қалыптасқан дағдылармен тығыз байланысты. Өмірді кез келген кезде жаңа парақтан бастауға болады. Бірақ та бала кезде қалыптасқан қолтаңбаны ауыстыру қиын, кейбір уақыттары мүлдем мүмкін емес болып жатады. Ең бастысы әр бала қайталанбас, өзіндік қажеттіліктері бар бірегей жеке тұлға, оған алтыннан қымбат уақытты, әлемде теңдесі жоқ махаббаты арнау қажет. Қазіргі кезде мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің өзінің немесе жалпы балабақшаның тәрбиелеу мен оқыту тәжірибесіне өзгеріс енгізу әдістерін білуі, сонымен қатар сол өзгерістерді не үшін енгізу қажеттігін айқын түсіну – заман талабы.

Заман талабына лайық тәрбие білім беру жұмысын кешенді ұйымдастыру және жаңа технологияларды, идеялар мен шығармашылық, инновациялық жаңашылдықты қажет етеді. Жас ұрпақтың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі, тәрбиелі болып өсуіне балабақша ошағының тигізер әсерінің маңызы зор.

Бірыңғай рухани-адамгершілік кеңістігін құру «Өзін-өзі тану» ықпалдасу пәні бойынша балабақшаның біртұтас педагогикалық үрдісінде жұмыс атқаруды ұсынады.

Қазіргі таңда ықпалдасу білім беру үрдісін құрастырудың ең басты ұстанымдарының бірі, оны жүзеге асыру тәсілі, тәрбиеленушілерге әлемнің толық бейнесі туралы түсінігін беретін құралы ретінде түсіндіріледі. Өзін-өзі тану оқу іс-

әрекетінің (денсаулық, қатынас, таным, шығармашылық, әлеуметтік орта) базалық минимумның мазмұнымен ықпалдасады және оқу қызметінде, сондай-ақ балалардың денсаулығын нығайту, шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға бағытталған қосымша білім беру бойынша оқудан тыс қызметінің базалық минимум мазмұнында жүзеге асырылады. Білім беру аймақтары құндылықтарды анықтау, дұрыс өмірлік көзқарасты қалыптастыру құралы болып табылады. Ықпалдасу оқу іс-әрекеттерін жүргізу тәрбиеленушіге педагогикалық әсердің мүмкіндіктерін кеңейтеді, болашақ ұрпақтың рухани-адамгершілік құндылықты тәжірибесі туралы толық түсінігін қалыптастыруға көмектеседі. Осыған байланысты «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын жүзеге асыру бойынша нақты ұсыныстар мектепке дейінгі білім беру ұйымдары тәрбиеленушілерінің тұлғасын жан-жақты толық дамыту үшін педагогикалық ұжымның негізгі бағыттарын анықтауда және бірыңғай рухани-адамгершілік білім беру кеңістігін құрудың тиімді түрлерін іздеуде өз көмегін көрсетеді.

Мектепке дейінгі мекемелердің оқу қызметтерінде интеграция әрекетінде балалардың қоршаған әлемді жүйелі білуі және адамның сол әлемдегі орны мен ең маңыздысы адамгершілігін, сапасын тәрбиелеу, оның руханилығын аша білу. Тұтастық жүйеге байланыстырады. Үйлесімділік интеграциямен ғана байланысты емес, ол тұтастықпен де байланысты. Педагогика неғұрлым жоғары болса, соғұрлым білім берудің басты міндетін ол нәтижелі шешеді.

Білім беру аймақтарын зерттеу үдерісінде тәрбиешілер «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы шеңберінде негізгі түсініктерінің мәнін меңгереді, оқуда және өмірлік жағдайында жалпыадамзаттық құндылықтарды тәжірибеде қолданады. Сонымен қатар, әр білім беру аймағы бойынша оқу-тәрбие процесінің нәтижесінің сапасына бағдарланған күзіндеттіліктер қалыптасады, дегенмен де тәрбиеленушінің рухани-адамгершілік дамуы және тұлғалық өсуі жүреді.

«Өзін-өзі тану» ұйымдастырушылық-тәрбиелік іс-әрекетті жүзеге асыру тәрбиешілерге күн тәртібі мазмұнында «Өзін-өзі тану» пәнінің ықпалдасуы арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың тәрбие үрдісіне әсер етудің үлкен мүмкіндігін туғызады. Осыған байланысты «Өзін-өзі тану» пәнінің ықпалдасуы күн тәртібі мазмұнында балабақшадағы өмірді ұйымдастырудың әр үрлі жақтарын қарастырады. Педагог ұжымының мен кәсіби өсуі мен «Өзін-өзі тану» пәнін сапалы оқытуда олардың алдында келесі міндеттерді қояды:

- «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік бағдарламасы негізінде педагогтардың шығармашылық қызметтерінің белсенділігі;
- біртұтас педагогикалық үдеріске «Өзін-өзі тану» пәнінің интеграциялануы;
- «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы негізінде педагогтардың тәжірибесін тарату;

Балабақшадағы ертеңгілік балаларды қабылдау күні бойына жақсы көңіл-күй сыйлау негізінде жүзеге асырылады: балаларды қабылдау, әр баланы жылы жүзбен, шын жүректен қабылдау, сәлемдесу, ата-аналармен қарым-қатынас, оларға жақсы тілек тілеу: «Қайырлы күн, жұмыс күніне сәттілік тілеу!» Күннің басталуында сыйланған жағымды көңіл-күй балаларды шаттандырады, мазасызданғандарды тынышталдырады, олардың танымдық іс-әрекетін белсендіреді, әр балаға жеке –жеке қарауды жәузеге асырады. Тәрбиешілердің балаларға жылы қарым-қатынасы және мейірім көрсетуі топтағы жағымды психологиялық климатты құрудың басты шарты болып табылады. Әр балада жалпыадамзаттық құндылықтарды көре білу және тұлғаның рухани-адамгершілік даму үрдісіне көңіл аудау қажет.

Ертеңгілік жаттығу жақсы көңіл-күй құруға баланың қозғалыс іс-әрекетін белсендіреді. Балалардың тамақтануы алдында, тәрбиелік мақсатта тамақ өнімдерінің пайдасы және адам өмірінде нанның алатын орны жөнінде айтылуы тиіс. Үстел үстінде әдепті сақтау балалардың мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелейді. Серуенді ұйымдастыру – бұл баланың рухани-адамгершілік әлеуетін ашу мүмкіндігі, тұлғаның адамгершілік сапасын тәрбиелеудің негізгі құралы болып табылады. Бұл жағдайда біз «Өзін-өзі тану» пәнін оқыту әдістемесінің ұстанымдарының бірі – табиғатқа сәйкестілік ұстанымын

сақтаймыз. Осы ұстанымға сай балалардың рухани-адамгершілік үрдісінің тиімділігі қамтамасыз етіледі. Серуендеу кезінде жалпыадамзаттық құндылық тәжірибеден өтеді: баланың өзінің рухани табиғатын түсінеді, айнала қоршаған табиғатқа шексіз сүйіспеншілік көрсетіледі. Ойын адамгершілік сабағынан тұру керек. Ойын кезінде бала өзін-өзі жетілдіреді, көрсетеді, өзін-өзі тәрбиелейді.

Адамның ішкі жан дүниесін, рухани әлемін танып, дамытып, жетілдіру бағытында ізденістер жүріп жатырған қазіргі таңда, рухани-адамгершілік құндылықтардың қалыптасуының түп негізі мен қозғаушы күшінің себебін анықтау – бүгінгі білім беру жүйесіндегі өзекті мәселе. Сондықтан осы түйінді мәселені шешуде «Өзін-өзі тану» пәні арқылы жалпы адамзаттық құндылықтарды ұрпақ бойына қалыптастыруда, «әр сөзді жүректен өткізіп, кішкентай жүрекке жол тауып, жеткізуде» педагог мамандарға жүктелген жауапкершілік те зор болмақ.

Халқымыздың көрнекті ақыны Мағжан Жұмабаевтың «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтына қызмет ететін болғандықтан, тәрбиеші баланы өз ұлтының тәрбиесімен тәрбиелеу керек» деген қанатты сөзі бір ғасыр уақыт өтсе де өз мәнін жойған жоқ. Қазір жаһандану мәселесі тұрғанда ұлттық тәрбиенің баланы ұлтжандылыққа тәрбиелеуде маңызы зор деп есептеймін. Тәрбиенің негізгі мақсаты - дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Өзін-өзі тану.kz журналы. 2019 -2020 жж.
2. Айтуқызы Б. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының ықпалдастыру әлеуеті // Өзін-өзі тану.kz журналы. 2011
3. Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал. – «Бөбек» ҰҒПББСО, 2010.
4. Дүкенбаева Г. Мектеп жасына дейінгі балаларды ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. Алматы, 1992г.
5. Ш.Құдайбердиев Шығармалары (құрастырған М.Жармұхаметов, С.Дәутов. Алматы, 1988)
6. Назарбаева С.А. Этика жизни. Алматы, 2001 г.
7. Абай Кунанбаев Слова назидания. Алматы, Жазушы, 1970г.
8. Журнал «Бала мен балабақша» 2019-2020ж.
9. Амонашвили Ш.А. «Основы гуманной педагогики» 2012г.
10. Сарбасов Қ.А.,Шашекова Б.Қ. Педагогика негіздері –Қарағанды,2004
11. «Отбасы және балабақша» журналы. 2019-2020ж.